***Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті***
***Экономика және құқық факультеті***
***Қылмыстық құқықтық пәндер кафедрасы***

# ***Қылмыстық құқық (жалпы бөлім)***

# *Қылмыстың обьективті жағы*

*Дайындаған:Ермекова Еркемай 201-топ*

*Тексерген: з.ғ.к. Шаяхметова Ж.Б.*

# Қылмыстың обьективті жағы

**Қылмыс құрамының объективтік жағы дегеніміз-** қылмыстық заңда көрсетілген қылмыстық іс-әрекеттік сыртқы көрінісінің жиынтығы.

Олардың қатарына мыналар жатады: қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік), қоғамға қауіпті салдар (қылмысты нәтиже), қоғамға қауіпті іс-әрекет пен қоғамға қауіпті салдар арасындағы себепті байланыс, қылмысты жасаудың әдісі, орны, уақыты,жағдайы, қаруы және құралы.

# Қылмыстың обьективті жағының түсінігі

Кез келген қоғамға қауіпті іс - әрекет белгілі бір тәсілмен, кейбір реттерде нақты құралдар мен қару-жарақтар қолдану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Мысалы, кісі өлтіруде бірнеше тәсіл қолданылуы мүмкін: кісіні өлтірі үшін мылтық немесе пышақ, у дәрі пайдалану, адамды тұншықтыру , қылғындыру немесе автокөлік пен әдейі қағып кету арқылы да өлтіреді.

Қылмыс жасаудың тәсіліне алдау немесе сенімге қиянат жасау(мысалы, алаяқтықта немесе салық қылмыстарында) болуы мүмкін. жоғарыда белгілердің барлығы да қылмыстың объективтік жағының белгілері болып табылады және осы белгілер арқылы объективтік жақтың мазмұны айқындалады.

***қылмысты істі алдын-***
***ала тергеу немесе сотта қарау кезінде, ең алдымен қылмыстың қылмыстың объективтік жағы анықталып алып, оның негізінде субъективтік жағы белгілі болады, қылмыстық заң жүзінде тыйым салуына қарамастан қоғамдық қауіпті әрекет жасаушының мақсаты, себебі және ниеті туралы шешім шығарылады.***
***Объективтік жақтың белгілерінсіз субъективтік жақтың мәселелері қозғалмайды да, себебі соңғысы алғашқымен байланыссыз іске аса алмайды.***

# Қылмыстың обьективті жағының маңызы

*Қылмыстың объективтік жағының маңызы біріншіден, оның белгілерін дәлме-дәл анықтау арқылы істелген қоғамға қауіпті іс-әрекетті дұрыс саралаудың негізі болып табылады.*

*Екіншіден , объективтік жағының белгілері арқылы өзара жақын, ұқсас қылмыстар ды бір - бірінен ажыратуға мүмкіндік туады (мысалы,ұрлықты тонаудан, алаяқты ұрлықтан тағы басқалары.)*

*Осыған байланысты қылмыстың объективтік жағы қылмыс құрамының ішіндегі ең маңызды элеменнтері қатарына жатады.*

*Қылмыс құрамының объективтік жағы дегеніміз-қылмыстық заңда көрсетілген қылмыстық іс-әрекеттік сыртқы көрінісінің жиынтығы.*

*Олардың қатарына мыналар жатады: қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік), қоғамға қауіпті салдар (қылмысты нәтиже), қоғамға қауіпті іс-әрекет пен қоғамға қауіпті салдар арасындағы себепті байланыс, қылмысты жасаудың әдісі, орны, уақыты,жағдайы, қаруы және құралы.*

*Қылмыстың объективтік жағы-қылмыстық жауаптылықтың маңызы алғы шарты.*

# ***Қылмыстың обьективті жағының белгілері***

***Қылмыстың объективті жағының белгілері тек қылмыстық істерді бір— бірінен ажыратудың негізі болып қоймай, кейбір жағдайларда қылмыстарды жіктеуге де негіз болады-бір жағынан әкімшілік,тәртіптік, екінші жағынан-басқа құқық бұзушылық.***

***Мысалы, ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу (Қылмыстық Кодекстің 291-б).,қылмыс ретінде дәл осындай әкімшілік құқық бұзушылықтан объективті жақтың белгісімен ажыратылады,ол –құқық бұзушылық салдарынан тартылған залалдың мөлшері***

# Обьективті жағының факультативті белгілері

- Объективті жақтың факультативті белгілері – тіпті қылмыстың құрамының белгілері болмағандықтан оның бағалауына әсер етпеген күнде де, жаза белгілеуге айтарлықтай әсер ететіндіктен үлкен материалдық-құқықтық маңызға ие.
- Кейбір жағдайларда олар жаза белгілеу кезінде кінәлінің жауаптылығын жеңілдетуші немесе ауырлатушы жағдай болып табылады.